



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕАН СЫЗЫҚТЫҚ КОДТАРЫН ТҰТЫНУШЫ ТАУАРЛАРЫНА ЖӘНЕ КӨЛІКТІК ОРАУЛАРҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ҚР СТ 1238-2004

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 217 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ИСО/МЭК 15420-2000 «Ақпараттық технология. Деректерді автоматты түрде теңестіру және жинақтау технологиясы. Сызықтық кодты терминдер мен анықтамалар бөлігінде EAN/UPC белгілерін спецификациялау» стандартымен үйлестірілді.

4 ҚР Е 50.6.1 – 97 «EAN сызықтық кодтарын тұтынушы тауарларында және көліктік орауларда орналастыру ережелері» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2009 жыл
5 жыл

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар	1
4	Жалпы ережелер	2
5	Сызықтық кодтарды орналастыру жөнінен жалпы ережелер	3
6	EAN сызықтық кодтарын тауарлар мен ораулардың жеке түрлеріне орналастыру жөнінен ұсыныстар	5
7	Сызықтық кодтарды көлік орауларына орналастыру жөнінен ұсыныстар	23
8	А қосымшасы (анықтамалық). Библиография	26

Кіріспе

Сызықтық кодтау технологиясы кодталған сызықтар жиынтығын және анықталған көлемді аралықтарды тануға негізделген. Ақпаратты белгілер аталатын сызықтық кодтар негізінде кодтаудың көптеген тәсілдері бар. Осындай белгілердің біреуі EAN/UPC болып табылады. Белгілерді сызықтар жиынтығына және әрбір белгінің басқа қажетті көрсеткіштерге ауыстыруын регламенттейтін ережелер белгінің ерекшелігі деп аталады.

EAN/UPC сызықтық кодының белгілері тек сәйкестендіру нөмірлерін кодтауға ғана тіркелген. Бұндай белгіні пайдалану шектелген және EAN International (EAN Интернешнл – бұдан әрі EAN) және Uniform Code Council, Inc. (Бірыңғайланған код жөніндегі кеңес – бұдан әрі UCC (ЮСиСи)) ережелері мен тіркеу процедураларымен келісуге жатады. EAN* және UCC жүзеге асырылатын нөмірлеу жүйесін басқару нақты заттарға берілетін сәйкестендіру кодтарын анықтауда халықаралық бірегейлікті және келісімділігін қамтамасыз етеді. EAN/UCC жүйесін пайдаланушылар үшін ең басты басымдылық сауда транзакцияларында пайдалану үшін белгіленген сәйкестендіру кодтарының болуында.

Сәйкестендіру нормасының негізгі қағидаттарының біреуі қолданылатын нөмірлер маңызды еместігінде, яғни нөмір өздігінен ол сәйкестендіретін объект туралы ешқандай ақпарат бермейді. Ол заттың не шыққан елін, не жеткізушіні, не типін немесе бағасын сәйкестендірмейді.

Бірақ нөмірлер жүйені әкімшілік басқару мүмкіндігі мен әлемдік масштабта нөмірлердің бірегейлігін қамтамасыз ететіндей етіп құрылған. UCC сәйкестендіру стандарттары EAN стандарттарымен толығымен сәйкестендірілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

**ЕАН СЫЗЫҚТЫҚ КОДТАРЫН
ТҰТЫНУШЫ ТАУАРЛАРЫНА ЖӘНЕ КӨЛІКТІК
ОРАУЛАРҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Енгізілген күні 2005-08-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт тұтынушы тауарларына және көліктік орауларға ЕАН сызықтық кодтарын (EAN International бұдан әрі EAN) салған кезде белгілер мен оқылатын белгілерді орналастыру жөнінен жалпы ережелерден және ұсыныстардан тұрады және ораулардың кейбір түрлеріне арналған белгілердің орналасу орнын белгілейді.

Осы стандарттың талаптары тауарларды машинамен оқылатын ЕАН сызықтық кодтарымен таңбалау үшін қолданылатын, ЕАН тауарлық нөмірлеудің халықаралық жүйесінің кәсіпорындары мен ұйым-пайдаланушылары үшін міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 6.0-96 Сызықтық кодтау жүйесі. Негізгі ережелер.

ГОСТ 16299-78 Орау. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 17527-86 Орау. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 30721-2000 Автоматты сәйкестендіру. Сызықтық кодтау. Терминдер мен анықтамалар.

3 Анықтамалар

Осы стандартта [1], ҚР СТ 6.0, ГОСТ 30721 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша осы стандартта сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Тұтынушылық тауар: Жеке сауда кәсіпорындарында тұтынушыға сатуға арналған тауар.

3.2 Жеке сауда кәсіпорны (жеке дүкен): Тұтынушыға тікелей тауар сататын кәсіпорын.

3.3 Белгінің машинамен оқылуы: Белгінің сканерлейтін құрылғымен оқылу мүмкіндігі.

Ресми басылым

3.4 Түстік қалам-қаламсап: Сызықтық кодты тану үшін белгі бетінен жүргізіліп, таратып оқитын қол құрылғы.

3.5 Сату тармағы (POS): Тауарлар жеке дүкенде ақшалай есеп айырысу арқылы сатылып алынатын, бірақ үйге жеткізіп бермейтін тармақ.

3.6 Қосымша белгі: Негізгі код ақпаратына қосымша болып табылатын, ақпаратты кодтау үшін пайдаланылатын сызықтық код.

3.7 Тауарлық (заттық) нөмірлеу: EAN International халықаралық ассоциациясы және EAN Қазақстан ерекшеліктеріне сәйкес тауарларға сандық кодтар беру.

3.8 EAN Қазақстан: EAN International халықаралық ассоциациясының мүшесі болып табылатын және Қазақстан Республикасында EAN*UCC халықаралық жүйесінде тауарларды сәйкестендіру ережелерін белгілеуде қажетті өкілеттік пен құқықтарға ие ұйым.

3.9 Орам бірлігі: Оралатын өнімнің ораумен қосылу нәтижесінде құрылатын бұйым.

3.10 Қиылған белгі: Қалыпты ұзындықпен бірақ биіктігі қысқартылып басылған белгі. Қиылған белгілер барлық бағытта сканерлене алмайды.

3.11 Бірнеше бағытты сканерлеу: Барлық бағытта сканерлеу. EAN белгілері сканерлейтін бетке қатысты параллелдікті сақтаған жағдайда бірнеше бағытқа сканерлеуге түсетін белгілер.

3.12 Екі бағытты сканерлеу: Сканерлейтін бетке қатысты параллельдікті сақтаған жағдайда екі бағытта сканерлеу, яғни артқа және алға.

3.13 Баспаны бағыттау: Басатын пластина негіз (жастау) бойына жылжитын бағыт.

3.14 Топтық орау (мультипакет): Тұтынудың ірі бірлігін құрау үшін бірге оралған бірнеше тұтыну бірлігі.

3.15 Сызықтық код: Көлденең сканерлеу жолымен оптикалық оқылатын, түрлі қалыңдық пен аралықты параллель сызықтар жиынтығының көмегімен белгілер көрсететін код.

3.16 Заттаңбалар басып шығаратын машина: Тауарлық нөмірлеу контексінде сандық деректерден шығып сызықтық кодпен заттаңбалар құруға арналған құрылғы.

3.17 Құлақша: Таңбалау түсіруге арналған берілген нысанды, өлшемді және материалды және орауға немесе өнімге жапсырылатын бұйым.

4 Жалпы ережелер

Тауарларға басылған белгі оны сату тармағында сканерлейтін құрылғылармен оқуға болатындай етіп тұтыну бірлігінде орналасуы керек. Белгінің машинамен оқылуына кепілдік беру үшін осы стандартта берілген ережелер қатары сақталуы керек.

Бұл ережелер тауарларды бақылаған кезде өнімділікті арттыруға бағытталған. Бақылау кезінде өнімділікті анықтайтын факторлардың бірі – сатушы тауарларды сканерлей алатын сканерлейтін құрылғының жылдамдығы. Егер сатушы қандай болсын бұйымда белгі орналасқанын алдын ала біле алса, сканерлейтін құрылғының жылдамдығы азаятын болады.

EAN белгілерінің көлік орауларында дұрыс орналасуы мен бағытталуы өте үлкен мәнге ие, ол:

- жеткізу бірліктері адамның қатыспауынсыз конвейерден шыға бере жеке сканерлермен сканерлене алатындығына;
- жеткізу бірліктері барлық бірліктердің беткі жағы көрінбей тұрып қоймада сақталған жағдайда сканерлене алуына;
- жеткізу бірліктері түрлі типті бола алатындығына (картоннан жасалған жәшіктер, жабық төсемдер және т.б.);
- кейде жеткізу бірлігінде белгілердің орналасу бірізділігіне жету қиын, әсіресе, желімді заттаңбалар сызықтарға жапсырылғанда, бірлік беті тегіс емес немесе бірлікті орын алмастыру және тасымалдау процесінде бұзылуына;
- кейде орауларда EAN белгілерінен басқа бөтен ақпарат жазылады, мысалы, дайындаушының фирмалық белгісі, заңды ақпарат, қосарлама белгілер немесе бірлік мазмұнына байланысты.

5 Сызықтық кодтарды орналастыру жөнінен жалпы ережелер

5.1 Кодтардың қайталанбастығы.

EAN тауарлық нөмірлеу жүйесінің шегінде тауар нөмірі EAN/UCC халықаралық жүйесінің талаптарына сәйкесуі керек.

Орауда бір белгінің бірнеше рет қайталануы, тауарға қатысты ораудың орналасуы нормаланбаған кездейсоқ оралған немесе «ерікті орауларда» қайталануы мүмкін және орауға бір белгіден артық салған жағдайда қажет болуы мүмкін. Әрбір осындай орауларда бір белгіні бірнеше рет қайталап оқу бір бұйым ретінде ғана тіркеледі.

5.2 Оқылатын белгілердің орналасу орны.

EAN сызықтық кодтарының оқылатын белгілері белгі сызықтарының астында болуы керек, тек бұл жағдай жеткізу бірлігі аз және басу үшін жеткілікті алаңның жоқтығынан олар бөлініп жазыла алады.

Егер сызықтық кодты көлік орауына толық биіктігіне жазу мүмкін болмаған жағдайда, онда оқылатын белгілерді белгі сызықтарымен бірдей қатарда сол жағына орналастыру керек. Бұл жағдайда ашық алаң көлемі сақталуы керек.

Егер бұндай конфигурация ауыспалы санды жеткізу бірліктері үшін қолданылса, қосымша белгінің оқылатын белгілері қосымша белгінің

сызықтарымен бір қатарда оң жағына орналасуы керек, бұл жағдайда ашық алаң көлемдері сақталуы керек.

5.3 Сызықтық кодтар белгілерін орналастыру

5.3.1 Сканерлеу арақашықтықтары.

Егер тауар нысаны белгі сканерлейтін құрылғының жалпақ бетімен байланысқа түспейтіндей салуға мүмкіндік бермесе, белгі мен сканерлейтін құрылғы арасындағы қашықтық 12 мм аспауы керек. Бұл әсіресе картонды қабатты пластика орауларға және иілген тауарларға (1 суретті қара) қатысты. Мүмкіндігінше белгіні тұтынушылық тауардың табиғи конструктивтік негізіне басқан дұрыс.


5.3.2 Егер белгіні конструктивтік негізге басу мүмкін болмаса, оны ораудың артқы қабырғасына салған дұрыс. Бұл ораудың беткі қабатына қарсы аймақ. Ораудың беткі қабаты деп өнімнің атауы жазылған бетті санау керек. Сызықтық код белгісі тұтынушылық тауардың табиғи конструктивтік негізге, немесе ораудың артқы бетіне түбіне қарай жақын жерге салады.

5.3.3 Ашық өрісті қоса белгілер және оқылатын белгілер, мүмкіндігінше бүккен жерлерден, бүрмелерден, қабыстырулардан, майысулардан, шеттерінен, тігістерден немесе фальцтерден кем дегенде 5 мм-ге жылжытылып орналасу керек. Бұл ораудың үйкелуі, бұзылуы немесе ақаулануы жағдайында проблемалар туындауын болдыртпайды.

5.3.4 Егер өнім қабыққа оралатын болса, онда кем дегенде бір белгі толығымен көрінетіндей бірнеше белгілер салу керек.

5.3.5 Белгі бағдарын анықтаған жағдайда баспа процесін қарау керек. Мысалы, баспаның флексографиялық әдістерін пайдаланған жағдайда сызықтар литография сияқты әдістерде сияқты басу бағытына қарау бағытталуы («жайылу» проблемасынан) керек.

5.3.6 Басу бағыты мүмкіндік беретін жерде белгіні орау сыртында тұрған жағдайда белгі сызықтары көлденең орналастырған дұрыс. Бұл жағдайда оқылатын белгілер жоғарыдан төмен оқылуы керек (2 суретті қара).



1-сурет

Бұндай бағыттау қисық сызықты беттер үшін қолайлы (2-суретті қара), және ол қисықтықтың аз радиусты қисық сызықты беттер үшін, яғни ортаға жанама қисық сызықты белгі мен осы белгінің шетіне жанама арасындағы (шектейтін сызықтардың ішкі шеті) бұрыш 30 градустан аспайтын жағдайларға (бұл 3-суретте сызбамен түсіндіріледі) міндетті талап болып табылады.


5.3.7 Егер толық көлемді белгіні басу мүмкіндігі болмаса, қалыпты ұзындықты, бірақ биіктігі кемітілген белгіні басуға болады. Осы тәсілдің нәтижесінде бірнеше бағытта сканерлеу тәсілі жоғалады. Кемітілген белгі екі бағытта ғана сканерлене алады, сондықтан, сканерлеу кезінде бағыттау факторы маңызды болады; тиімді сканерлеу үшін ораудағы белгі сканерлейтін сәуле бағытына қарай бағытталуы керек. Биіктікті кеміткен сайын осы бағыттау қиын болады. Бұл бақылау тиімділігін қысқартады. Осыған байланысты биіктігі тым қысқарған белгі тиімсіз болуы мүмкін.

5.3.8 Жеке сауда саласындағы кәсіпорындар сәулелі қаламмен (немесе «таяқшамен») пайдалана алады, сондықтан EAN белгілері сәулелі қаламмен оқу үшін ешқандай кедергі келтірмейтін үлгіде орналасуы керек.

6 EAN сызықтық кодтарын тауарлар мен ораулардың жеке түрлеріне орналастыру жөнінен ұсыныстар


6.1 Белгіні заттаңбада орналастыру

Заттаңбада белгі төменгі сол жақ шетке қарай орналасуы керек. Ашық алаң заттаңбаның кез келген шетіне 5 мм артық жақын болмауы керек. (4, 5 және 6- суреттерді қара).




2-сурет

Шеткі
сызықтардың
сыртқы шеті



Шеткі
сызықтардың
сыртқы шеті

Орталық
сызықтар



Ашық алаң шеті

Шеткі сызықтардың
сыртқы шеті

3-сурет

Егер баспа бағыты мүмкіндік берсе, белгі сызықтар орау түбіне көлденең орналасқандай етіп бағытталуы керек. Анықтайтын фактор болып баспа бағыты болып табылады.

Егер орауда (шөлмекте) екі (немесе одан артық) заттаңба болатын болса, белгі ораудың (шөлмектің) артқы бетіне орналасқан заттаңбаның сол жақ төменгі бұрышына орналасуы керек (7-сурет).

6.2 Консерв банкалары және цилиндр ораулар

Ораудың осы түрлерін орау бетіне суретті тікелей жапсыру жолымен, не орау бойына орап алатын заттаңба көмегімен таңбалайды.

Ұқсас үлгімен әр түрлі шөлмектер таңбалана алады.

Егер ораудың беткі қабаты болса, онда сызықтық белгі ораудың артқы бетіне түсірілуі керек, яғни алдыңғы бетіне қарама қарсы бетіне (8-сурет).

Белгінің төменгі ашық алаңы баспа алаңының көрінетін шетінен 5-10 мм кем емес арақашықтықта болуы керек.

Егер орауда табиғи алдыңғы беті жоқ болса, белгіні орналастыру заттаңба түріне байланысты болады.

Орайтын заттаңбаны пайдаланған жағдайда белгі заттаңбаны жапсырған кезде үстіңгі бетінде болатын бөлігіне басылуы керек (9-сурет). Бұл жағдайда белгінің төменгі ашық алаңы заттаңба қиығынан 5-10 мм кем емес арақашықтықта болуы керек. Егер техникалық себептермен бұл мүмкін болмаса, онда белгі желімдеген кезде төмен жағында болатын заттаңба бөлігіне орналасады.

Сызықтық белгіні түсірген жағдайда белгісі бар заттаңба арқылы қандай да болсын сурет көрінуін байқау керек.

Егер орау дизайнмен алдыңғы бет қарастырылмаған болса, ал графикалық суреті бұйымның немесе ораудың бетіне тікелей салынатын болса, белгіні банканың тігілген ұзына тігісіне жақын жерде оңға қарай жақындатып орналастыру керек (10-сурет).


Үш бөліктен жиналған банка нақты дәнекерленген тігіске ие болады. Толық құйылған банкалардың тігісі болмайды, бірақ шартты түрде «тігіс» деп есептеле алатын банканың өзіне тікелей салынған шеттер суреттерінің қиюласуы болады. Бұндай банкалардағы белгі үш бөліктен жинақталған банкаларға сияқты ережелер бойынша орналасады. Ашық алаң баспаның көрінетін алаңының шетінен 5-10 мм аралықта, бірақ «тігістен» 5 мм жақын емес орналасуы керек.



5-сурет бір заттаңбалы банка



4-сурет Бір заттаңбалы шөлмек



7-сурет Екі заттаңбалы шөлмек

6.3 Қатты қабырғалы банкалар

Кейбір банкалар қажетті беріктікті қамтамасыз ету үшін қатты қабырғаларға ие болады. Белгіні осындай банкалардың бетіне тікелей түсірген жағдайда, тауарды таңбалаған жағдайда қаттылық қабырғасына келмеуін бақылау керек (11-сурет).

Егер техникалық проблемаларға қарай бұл мүмкін болмаса, белгіні қаттылық қабырғасына тік бұрыштап бағыттау және оны сызықтық кодтың аз бөлігі қаттылық қабырғасына келіп түсуін қарап орналастыру керек (12-сурет).

6.4 Банкарлардың басқа түрлері

Банкарлардың кейбір түрлері (мысалы, ветчинаның) үш бұрышқа жақын нысанға ие. Ондай банкарларды тігіс жағына оң жаққа қарай жылжытып таңбалау керек (13-сурет).

6.5 Шишалар және шыны банкарлар

Шишалар мен шыны банкарлар әдетте заттаңбалар көмегімен таңбаланады. Заттаңбаларға белгілерді түсіру ережелері 6.1 тармағында көрсетілген. Орайтын заттаңбалы шишалар мен банкарлар қаңылтыр консерві банкарлары сияқты тәсілмен таңбаланады (14-сурет және 6.2 тармақ)

Суретті бетіне тікелей жапсыру жолымен таңбаланатын шишалардың екі түрі бар. Бірінші жағдайда сурет бір немесе екі жерге түсіріледі. Бұл сурет заттаңба ретінде қарастырыла алады, және бұл жағдайда заттаңбаларда белгіні орналастыру ережелері пайдаланылады (15-сурет және 6.1 тармақ). Екінші жағдайда сурет шиша бойына түсіріледі. Бұл жағдайда штампталған консерві банкарларын таңбалауға қатысты ережелерді қолданған дұрыс (16-сурет және 6.2 тармақ).

Сызықтық кодты шишаның мойнына жапсырылатын заттаңбаға түсіру рұқсат етілмейді (17-сурет).

6.6 Пластмасса және металл стакандар

Таңбалаудың бұл түрі, әдетте, 6.1 тармағына сәйкес заттаңбалармен таңбаланады. Орайтын заттаңбалармен таңбалаған жағдайда 6.2 тармағында берілген ережелер қолданылады.

Белгіні орналастырудың ең жақсы орны ораудың негізі (түбі) (18-сурет), бірақ бұл техникалық жағынан мүмкін емес.

Егер орау оның дизайнмен қарастырылған табиғи алдыңғы бетке ие болса, онда белгіні ораудың артқы бетіне орналастырған дұрыс (19-сурет).

Егер орау табиғи алдыңғы беті болмаса, белгіні өнімнің құрамы, дайындаушы мекен-жайы және т.б. бойынша ақпарат түсірілетін орынға салу керек (20-сурет және 21-сурет).

Қандай болған жағдайда да, белгінің ашық алаңының төменгі бөлігі орау түбінен 5-10 мм жақын емес аралықта болуы керек.

Белгі сызықтары орау түбіне параллель болуы керек. Осымен бірге анықтайтын фактор ретінде заттаңба баспасын бағыттау болып табылады. Белгіні орналастыру полиграфистпен келісілуі керек.

Егер белгіні бүйір бетке немесе орау түбіне түсіру мақсатқа сай емес деп танылса, сызықтық кодты қақпаққа түсіруге болады. Бұл жағдайда регламенттелетін сканерлеудің ең жоғарғы қашықтық шамасына талаптардың орындалуын қадағалау керек.

Орау түбінде қандай да болсын майысудың болғаны жағдайда ашық алаңның төменгі бөлігі бүгуден 5-10 мм қашықтықта болатындай сәйкес орын қарастырылуы керек.

6.7 Пакеттер

Пакеттер қағаздан, пластмассада немесе фольгадан дайындала алады. Белгіні пакет түбіне орналастыру керек (мысалы қант немесе ұн салынған пакеттер). Сызықтық код кодтың оқылатын белгілері пакет клапанын кесетін шетіне қарай қарсы бетте орналасатындай етіп бағытталуы керек (22-сурет).

Нанға арналған пакеттер өзінің түбінде белгіге ие болуы керек (23-сурет). Конструктивтік түбі жоқ пакеттерде белгіні пакеттің шартты түбінен есептей отырып оның жалпы ұзындығынан $1/3$ қашықтықта ортаға жақын сыртында орналастыру керек. Сызықтар пакет түбіне қарай көлденең орналасуы керек. Тігістер пен бүрмелерді болдырмау керек (24-сурет және 25-сурет).

6.8 Картон қораптар


Белгі орау түбінде, мүмкіндігінше орау түбінің екі қысқа жақтарын қосатын орталықтағы шартты сызыққа жақын орналастырылуы керек (26-сурет және 27-сурет). Ашық алаң ораудың әрбір бұрышына 5 мм жақын емес орналасуы керек.

Белгі тігістер мен бүктеулерден және т.б. тыс орналасуы керек.


Егер қорап мөлдір үлдірге оралған болса, белгі оның желімделген, тігісі немесе бүрмесі тұстарында орналаспауы керек.

Егер орау түбі оған белгі орналастыру үшін тым кішкентай немесе полиграфиялық мүмкіндіктерден туындаған басқа шектеулер болатын болса, онда бұл жағдайда оны қораптың кері бетіне орналастыруға болады.

Белгі ораудың екі қысқа жақтарын қосатын орталықтың шартты сызығына мүмкіндігінше жақын және оның түбіне қарай мүмкіндігінше жақын орналасуы керек. Ашық алаң шектердің біреуіне болсын 5 мм артық емес жақындықта болу керек (28-сурет).



8 сурет. Табиғи алдыңғы беті бар банка




Қаттылық қабырғасы

11 сурет. Қатты қабырғалы банка




Қапсырылып жабылатын
заттаңбаның үстіңгі беті

9 сурет. Қамтитын заттаңбалы
банка




Қаттылық қабырғасы

12 сурет. Белгі қаттылық қабырға-
сына дәл келетін қаттылық қабыр-
ғалы банка




10 сурет Дәнекерленген тігісті банка



тігіс

13- сурет. Үш бұрышты банка



Қапсырылып жабылатын заттаңбаның
үстіңгі беті

14 сурет Қамтитын заттаңбалы шөлмек


Шартт
ы тігіс
сызығы




16 сурет. Бетіне тікелей сурет
салынған шөлмек




17 сурет. Шөлмек мойнына
орналасқан заттаңбаға сызықтық
код салу рұқсат етілмейді




18 сурет. Стакан
Сызықтық кодты түсіру
ұсынылатын орын



19 сурет. Стакан
Табиғи артқы бетте сызық-
тық кодты ұқсас орналастыру



20 сурет. Стакан
Сызықтық кодты ерікті
орында балама орналастыру



21 сурет. Тік нысанды орау

6.9 Басылған тыстар

Тыстар қағаздан немесе үлдірден дайындалады және печенье, кәмпит, майды және т.б. орауға пайдаланылады.

Осы тыстарға оралған өнімдер дөңгелек немесе тік бұрышты нысанды болады, бірақ белгіні орау үшін бірақ тәсіл ғана қолданылады.

Егер орауда өзінің алдыңғы беті болса, сызықтық код артқы бетінде сол жақта орналасуы керек (29-сурет).

Егер орауда өзінің алдыңғы беті болмаса, белгі тыс оралған кезде үстіне шығатын бетінің оң жағында бөлігінде орналасады (30-сурет).

Ашық алаң қию сызығынан 5-10 мм арақашықтықта болу керек. Егер белгі майысқан бетте орналасатын болса, сызықтар мүмкіндігінше орау

шетінің жазықтығына параллель болу керек. Онымен бірге анықтаушы фактор ретінде баспа бағыты болу керек.

Май немесе маргарин орауларындағы белгі тыстың сыртқы клапанына түсірілуі керек, бұл жағдайда бұғу мен майыстырулар жасамау керек. Егер тыстың осы жақ бөлігінің көлемі белгіні сиғыза алмаса, ол бүйір жағына орналасуы керек. Ең тиімдісі тыс клапанының тіліміне белгінің жоғарғы жағымен қаратылып бағытталуы болып табылады (31-сурет).


6.10 Ерікті бағытты тыстар

Тыстардың кейбір түрлері қайталанатын суреттері болады. Бұндай тыстарға жиі нан, маргарин, май, кекстер, печенье, темекі блоктары және т.б. оралады.

Бұндай ораулар әдетте, бағытталмаған болғандықтан белгі ораудың тегіс бетіне келеді деп кепілдік беруге болмайды. Сондықтан бұндайды болдырмау үшін бұйымға бірнеше белгілерді түсіру керек.


Сызықтық кодты біреуі болсын ораудың тегіс бетіне дәл келуін қамтамасыз ететіндей етіп кезеңділікпен түсіру керек (32-сурет).

Балама кезең ретінде сызықтар ұзындығын ұзартуға болады. Белгі бұйым бұрышына келген кезде, оның ұзындығы бірнеше бағытты оқу үшін жеткілікті болатындай белгінің бір бөлігі тегіс бетте шығатындай жеткілікті болу керек. (33-сурет). Бұндай вариантта оқылатын белгілер көрінетіндей етілетін үлгіде басылып шығуын қамтамасыз ету керек.



22 сурет. Ұсақ қант, жармалар, ұн және т.б. арналған орау


23-сурет. Нанға арналған орау




24 сурет. Конструктивтік негізі жоқ пакет




25 сурет. Конструктивтік негізі жоқ пакет



26-сурет. Тік тұрған қорап



27-сурет. Жалпақ қорап



28-сурет. Сызықтық кодты орналастыру үшін түбінде жеткіліксіз аумақты қорап

6.11 Үлдірден жасалған жұмсақ ораулар

Үлдірден жасалған орау термоотырғызылатын үлдірді және вакуумды ораудан тұрады. Осы ораулардың көп бөлігіне әдеттегі заттаңба түсіріледі.

Үлдірге оралған өнімдерде белгі мүмкіндігінше тегіс бетте және бүгілу мен бүктеуден және т.б. бос орында орналасуы керек. Егер тауарда тегіс жер жоқ және белгі бүктелген бетте орналасатын болса, онда бұл жағдайда сызықтар майысқан жер бойынша орналасуы керек (34-сурет). Бірақ, анықтайтын фактор баспа бағыты болып табылады. Полиграфистпен келіскен дұрыс.

6.12 Қағаздан жасалған тауарлар

Ұзын, мөлдір үлдірге оралған салфеткалар, дәретхана қағазы орамдарындағы белгілер сызықтық кодтың ашық алаңының орау түбінен 20-30 мм арақашықтыққа орналастыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі бар жағына орналасуы керек (35, 36, 37-суреттер). Басқа майысқан беттерді алар болсақ, онда белгі сызықтар орау түбіне параллель бағытталуы керек. Анықтаушы фактор болып баспа бағыты қызмет етеді.

6.13 Тюбиктер

Тюбиктер металдан немесе пластиктан дайындалады. Белгі тюбиктің артқы бетінде орналасуы керек. Ол бүктелген шетке жақын, бірақ оқыған кезде қате оқуды болдырмау үшін майыспайтындай орналасуы керек.

Сызықтар бүктелген шетке параллель орналасуы керек (38-сурет). Бірақ белгіні түсірудің анықтайтын факторы басылу бағыты болып табылады.


6.14 Сұйықтықтарға арналған ораулар

Сұйықтықтарға арналған «тетра-пак» ораулары қалыпты картон қораптар сияқты ережелер бойынша таңбаланады (6.8 тармақ).

6.15 Күрделі конфигурациялы ораулар


Күрделі конфигурациялы орауларда тауарлар жалпақ картон түпке мөлдір үлдірмен, қапсырмалармен және т.б. бекітіледі.

Сызықтық кодты орналастырудың ең тиімді орны ораудың картон түбінің артқы жағы болып табылады. Белгі мүмкіндігінше екі қарама қарсы жақтардың ортасын қосатын шартты сызыққа жақын орналасуы керек. Ашық алаңның еш бір бөлігі орау шетіне 5-10 мм артық жақын болмауы керек (39-сурет).




29 сурет. Табиғи кері бетті жабылған тыс.

Қапсырылып жабылатын орау шеті




30-сурет. Артқы жағы әдеттегідей басылып шыққан тыс




31-сурет. Май, маргарин және т.б. орауы


Қапсырылып жабылатын орау шеті




32-сурет




33-сурет




34-сурет Үлдірден жасалған орау



35-сурет. Ас үйлік майлықтар орауы



36-сурет. Дәретхана қағазының
екі орамы



37-сурет. Дәретхана қағазының топтық орамы

Белгі ораудың алдыңғы бетіне де орналастырыла алады, бірақ оқыған кезде сканер мен код арасындағы арақашықтық 12 мм аспайтындай болу керек. Сызықтық код бұйымның өзінің оралу орнынан қажетті алыста болуы керек (40-сурет). Ашық алаң ораудың кез келген шетіне 5 мм артық жақын емес болуы керек.

6.16 Пластик пакеттерді жабатын қағаз заттаңбалар

Әдетте бұндай заттаңбалар пластик пакеттерді қапсырма немесе желім көмегімен жабатындай етіп салынады.

Белгі заттаңбаның артқы жағына, екі шеткі қысқа жақтарын ортаға қосатын шартты сызыққа мүмкіндігінше жақын басылуы керек. Ашық

алаңның еш бір бөлігі заттаңба шетіне 5 мм артық жақын болмауы керек (41-сурет).

6.17 Заттаңбасыз тауарлар

Желімделетін негізді сызықтық кодты заттаңбалар тауарларға сканермен жеңіл оқыла алатын орындарға түсірілуі керек. Егер бұйым мөлдір үлдірге оралатын болса, онда сызықтық белгілі желімделетін заттаңба не бұйымның өзіне, не орауға, яғни пластик үлдірге жабыстырылады. Осы және басқа жағдайда да белгі жеңіл оқылатын орынға орналасуы керек. Заттаңбалар, оларды алып тастайтындай немесе сызықтық кодты бұзбай басқа тауарға желімдейтіндей үлгіде жасалуы керек.

Сызықтық кодты түсіру үшін орын таңдаған кезде белгілерді түсірудің жалпы ережелерін басшылыққа алу керек. Ораудың түбі немесе оның әдеттегі жағы осы мақсатқа жарамды деп есептеледі.

Белгі сканерлеу кезінде сканерлейтін үстелден 12 мм артық емес алыстатылуда болуы қажет.


6.18 Топтық ораулар (мультипакет)

Жиі сызықтық кодтары бар екі немесе одан көп жеке ораулар бір орауға салынады. Бұндай ораулар топтық деп аталады.

Әдетте топтық ораулар өзінің жеке сызықтық кодына ие болады.


Егер топтық орауға кіретін жеке бұйым өзінің сызықтық кодына ие болса, онда өзінің сызықтық кодына ие топтық ораудың тысы оған кіретін бұйымның кодын толық жабуы керек.

Мөлдір үлдірдегі топтық ораулар мөлдір үлдірге оралған әдеттегі тауарлар ретінде қарастырылуы керек және сол үлгімен кодталуы керек (42-сурет). Белгіні әсіресе сусындар оралған топтық орау түбіне түсірген жағдайда ораудың әбден қажалатын аймақтарына түсірмеу керек (42-сурет).



Артқы жағы

38-сурет. Тіс пастасына, кремдерге және т.б. арналған тубик



Ораудың екі қарама қарсы
қысқа жақтарының ортасын
қосатын шатты сызық

39-сурет Күрделі конфигурациялы орау



Максимум 12 мм

40-сурет. Сызықтық кодты беткі жағына
түсірген жағдайда күрделі конфигурациялы
орауды сканерлеу


Артық беті



Ораудың қарама қарсы
қысқа жақтарының
ортасын қосатын шартты
сызық

41-сурет. Пластик пакетті
жабатын қағаз заттаңба

Орауға кіретін
тауарлардың жеке
кодтары жабылған



өте тозатын аймақтар

Түбі

42-сурет. Топтық орау

7 Сызықтық кодтарды көлік орауларына орналастыру жөнінен ұсыныстар

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1-7.1.3 тармақтарында берілген ұсыныстар картон қораптар үшін анықталған. Өте үлкен ораулар үшін олар индикативтік мәнге ие.

7.1.1 Белгі мүмкіндігінше көлік орауының барлық тік төрт жақтарына орналастырылуы керек. Бұған техникалық және коммерциялық факторлар қарсы келген жағдайда, белгілерді не екі көршілес тік жақтарына, не бір тік қырына орналастыру керек. Егер бір ғана белгі түсірілетін болса, оны ленталы тасымалдау кезінде сыртқа қарайтын мүмкіндігі бар және қоймада, сондай-ақ тасымалдау кезінде көрінетін жағына орналастыру керек.

7.1.2 Белгінің сызықтарының төменгі шеті, егер бұл техникалық жағынан мүмкін болса, осы белгі басылатын жағының төменгі шетінен (32 ± 3) мм биіктікте орналасуы керек (43-сурет). EAN белгілері үшін шектеуші сызықтарына емес, сызықтардың ұсынатын белгілеріне қатысты (бірақ, егер бұл жеткізу бірлігінің конфигурациясына сәйкес талап етілетін болса немесе шарттың ерекшелігін орындау қажеттігі жағдайында, белгі көлік бірлігінің жағында жоғары немесе төмен, бірақ мүмкіндігінше ұсынысқа қарай 32 мм жақын орналаса алады).

7.1.3 6.2 тармақта анықталған көлденең бөлік шегінде белгі кез келген орынға түсіріле алады, бірақ бірінші және кейінгі сызықтардың сыртқы жақтары ораудың тік шетінен 34 мм жақын емес орналастыру керек. Сондай-ақ олар ораудың тік жағына қатысты 19 мм жақын емес жағдайда болуы керек.

Егер белгі сызық-ұстаушы жақтау ішінде басылса, сызық – жеткізуші жақтауының сыртқы жақтары ораудың тік жағына 19 мм артық емес жақындықта болуы керек (43-сурет).


7.2 Шағын көліктік ораулар

Егер көлік орауының биіктігі үлкейту коэффициентін есепке алғанда белгі биіктігінен кем болса, онда:

а) белгі сызықтардың жоғарғы жағы ораудың жоғарғы бөлігінің деңгейінде орналасқандай етіп толық биіктігімен басылады (44 суретті қара);

б) егер көлік орауының биіктігі оқылатын белгілерді қоса белгі биіктігінен кем болатын болса, онда оқылатын белгілерді нақтылап көрсетіп белгі сызықтарының сол жағына орналастыру керек (45- суретті қара);

в) көлік орауының биіктігі сызықтың атаулы биіктігінен кем болғанда сызықтар ораудың бүйір қыры бойына жоғарыдан төмен өтуі керек. Оқылатын белгілерді белгіден сол жаққа орналастыру керек (46-сурет).



43-сурет

7.3 Үлдір тысты орау

Егер көліктік орау термотырғызылатын үлдірмен оралған болса, ал оның ішіндегі бұйымдар белгілі таңбалаудан өту керек болса, онда көлік орауының белгісінің орнына оның ішіндегі заттардың белгісін оқу қаупі туындайды.

Үлдірлі ораумен оралған орау ішіндегі бұйымдардағы белгілерді көлеңкелеу үшін барлық шараларды қолдану керек. Бұндай проблемалар тұтыну бірлігіндегі белгілер жеткізу бірлігінің белгісіне жақын орналасқан кезде туындайды. Егер бұл жүзеге асырылатын болса, орау конфигурациясы осындай жақындасуларды болдырмайтындай етіп оюластырылуы керек.

Екі белгі де бірдей көрінуі мүмкін көлік орауларын жеткізушілер осы туралы өздерінің серіктестерін ақпараттандыру керек. Бұл жағдайда пайдаланушылар сканерлейтін құрылғыларды белгіні қате оқу кезінде проблемалар туындамау үшін алдын ала дайындап, бағдарламаландырады.

7.4 Паллеттер

Паллеттер ылғи екі көршілес жақтарынан таңбалануы керек.


Белгілер сызықтардың тік орналасуымен түсірілуі керек (шарбақтар түрінде). Сызықтардың төменгі шеті паллет орналасатын беттен 70 см жоғары немесе паллет көлемі мүлде кішкентай болған жағдайда одан да жоғары болуы керек.

Бірінші және соңғы сызықтардың сыртқы шеттері тік шетке 50 мм артық емес жақындықта болуы керек.


7.5 Бүктелген беттер

Егер EAN белгілері жеткізу бірлігінің бүктелген бетіне түсірілген болса, онда сызықтар орау бетіне түсетін «сызықтар түзетін» бүктемелерге перпендикуляр түскені дұрыс.


Басылудың орны мен бағытын қарау қажет. Басудың ең жоғарғы сапасы сызықтар баспа бағытына параллель түскенде алынады. Бүктелген беттердегі бағдарлау үшін бұндай ұстаным кішкентай радиусты бүктелген беттерде міндетті болады. Бүктелген белгінің ортасы нем бүктелген белгі шеті (шектейтін сызықтардың сыртқы шеті) арасындағы бұрыш 30° кем емес болуы керек. Егер бұрыш 30° артық болатын болса, белгі сызықтар түзетін бұйым бетіне перпендикуляр болуы керек.



44-сурет



45-сурет



46-сурет

А қосымшасы
(анықтамалық)

Библиография

[1] ИСО/МЭК 15420-2001 «Автоматты сәйкестендіру. Сызықтық кодтау. EAN/UPC (ЕАН/ЮПиСи) белгілерінің ерекшеліктері».



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**СИСТЕМА ШТРИХОВОГО КОДИРОВАНИЯ ПРОДУКЦИИ.
ПРАВИЛА РАЗМЕЩЕНИЯ ШТРИХОВЫХ КОДОВ EAN НА
ПОТРЕБИТЕЛЬСКИХ ТОВАРАХ И ТРАНСПОРТНЫХ УПАКОВКАХ**

СТ РК 1238 - 2004

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 5 августа 2004 г., № 217

3 Настоящий стандарт гармонизирован с ИСО/МЭК 15420-2000

«Информационная технология. Технология автоматической идентификации и сбора данных. Спецификация символики штрихового кода EAN/UPC» в части ведения, терминов и определений.

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

**2009 год
5 лет**

5 ВВЕДЕН ВЗАМЕН ПР РК 50.6.1-96 «Правила размещения штриховых кодов EAN на потребительских товарах и транспортных упаковках»

Содержание

1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	1
3 Определения	1
4 Общие положения	2
5 Общие правила по размещению штриховых кодов	3
5.1 Неповторимость кодов	3
5.2 Месторасположение визуально-читаемых знаков	3
5.3 Размещение символов штриховых кодов	3
6 Рекомендации по размещению штриховых кодов EAN на отдельные виды товаров и упаковок	5
6.1 Размещение символа на этикетке	5
6.2 Консервные банки и цилиндрические упаковки	7
6.3 Банки с ребрами жесткости	7
6.4 Другие виды банок	9
6.5 Бутылки и стеклянные банки	9
6.6 Пластмассовые или металлические стаканчики	9
6.7 Пакеты	10
6.8 Картонные коробки	10
6.9 Отпечатанные обертки	14
6.10 Обертки с произвольной ориентацией	14
6.11 Мягкие упаковки из пленки	17
6.12 Товары из бумаги	17
6.13 Тюбики	17
6.14 Упаковки из жидкостей	17
6.15 Упаковки со сложной конфигурацией	17
6.16 Бумажные этикетки, запечатывающие пластиковые пакеты	21
6.17 Товары без этикеток	21
6.18 Групповые упаковки (мультипакет)	21
7 Рекомендации по размещению штриховых кодов на транспортные упаковки	23
7.1 Общие положения	23
7.2 Мелкие транспортные упаковки	23
7.3 Упаковка с пленочной оберткой	24
7.4 Паллеты	25
7.5 Изогнутые поверхности	25
Приложение А Библиография	27

Введение

Технология штрихового кодирования основана на распознавании закодированных комбинаций штрихов и пробелов определенных размеров. Существует множество способов кодирования информации в форме штрихового кода, называемых символиками. Одной из таких символик является EAN/UPC. Правила, регламентирующие перевод знаков в комбинации штрихов и пробелов и другие необходимые показатели каждой символика, называются спецификацией символика.

Символы штрихового кода EAN/UPC зарезервированы исключительно для кодирования идентификационных номеров. Использование этой символика ограничено и подлежит согласованию с правилами и регистрационными процедурами EAN International (EAN Интернешнл – далее EAN) и Uniform Code Council, Inc. (Совета по унифицированному коду - далее UCC (ЮСиСи)). Управление системой нумерации, осуществляемое EAN* и UCC, обеспечивает международную уникальность и согласованность в определении идентификационных кодов, присваиваемых конкретным предметам. Главное преимущество для пользователей системы EAN/UCC состоит в наличии однозначно установленных идентификационных кодов для использования в торговых транзакциях.

Один из основных принципов норм идентификации состоит в том, что применяемые номера являются незначащими, т.е. сам по себе номер не несет никакой информации об объекте, который он идентифицирует. Он не идентифицирует ни страну происхождения, ни поставщика, ни тип или цену предмета.

